Бекітемін
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы
МКҚК-ның меңгерушісі
_____ Г.Есиркепова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптар бойынша «Құлыншақ» аралас (2 жастан бастап) кіші тобының перспективалық жоспары

2021-2022 оқу жылы

Аралас «Құлыншақ» кіші тобы
2021жыл, Қыркүйек айы
Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: Балалардың бойында балабақша туралы түсініктері қалыптасады, танымдық қабілеттері дамиды, ой- өрістерін кеңейте отырып бірлескен әрекетке қызығушылықтарын оятады.

Міндеттері:

- денсаулық сақтау технологиясы негізінде дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру;
- дидактикалық ойындар арқылы тілдік қарым –қатынас дағдыларын, сөздік қорларын қалыптастыру;
- өз достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру және шығармашылық әрекетті дамыту.

	Денсаулық 3 **Дене шынықтыру (3сағат)**	**Қатынас 1** **Сөйлеуді дамыту (0,5)** **Көркем әдебиет(0,5)**	**Таным 2** **Сенсорика 0,5** **Жаратылыстану 1** **Құрастыру(0,5)**	**Шығармашылық 3** **Сурет салу 1** **Мүсіндеу (0,25)** **Музыка (1,5)** **Жапсыру(0,25)**	**Әлеумет**
1-апта «Менің балабақшам»	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Сөйлеуді дамыту</u>** **Тақырыбы:** «Менің балабақшам» . **Мақсаты**: Топ бөлмелері мен топтағы заттарды атауға, сөздегі дыбыстарды анық айтуға үйренеді	**<u>Сенсорика</u>** **Тақырыбы:** «Ағаштарды орналастыр». **Мақсаты:** Заттарды көлеміне қарай салыстыра білуге үйренеді. Көлемі бойынша затты топтай білуге машықтандырады. Сөйлеу барысында үлкен, кіші, дәл сондай деген сөздерді қолдана алады. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: «Балабақша ауласындағы ағаштар» **Мақсаты:** Балабақша ауласындағы гүлдерді таныстырып ,олардың сыртқы түрі ,түсі туралы түсініктерін қалыптасады. Түстер туралы білімін бекітеді.	**<u>Сурет салу</u>** **Тақырыбы:** «Ұзын жолдар салу» **Мақсаты:** қағазбен, майлы қарындашпен танысады. Көлденен, тігінен сызықтар сызуды үйренеді. **<u>Мүсіндеу</u>** Тақырыбы: «Домалақ» **Мақсаты:** ермексаздың қасиеттерімен таныстыру. Домала пішінді ажырата алады. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

2-апта «Менің достарым»	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Көркем әдебиет:** **Тақырыбы:**«Балабақша» туралы өлеңдер оқу. **Мақсаты:** Балабақша туралы айтып беру, тақырыпқа сәйкес өлең оқып беру оны эмоционалды қабылдайды.	**Құрастыру. Тақырыбы** «Жиһаздар». **Мақсаты:** қиылған бөліктерден жиһаздарды құрастырады. **Жаратылыстану** Тақырыбы: «Лүлдер». **Мақсаты:**Балабақша ауласындағы гүлдерді таныстырып ,олардың сыртқы түрі ,түсі туралы түсініктерін қалыптасты. Түстер туралы білімін бекітті.	**Сурет салу.** **Тақырыбы.** «Жолдар» **Мақсаты:** Бейнелеу іс-әрекетіне қызығушылығын қалыптасады. «Бояу, бояйды» түсініктерін бекітті. Балалар түрлі түсті қаламдармен танысты. Балаларға қаламдарды дұрыс ұстауға , қағаз бетінде із қалдыруға үйренді. Жағымды эмоционалдық көңіл-күй орнатады. **Музыка:** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **Музыка:** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	
3-апта «Менің сүйікті ойыншықтарым	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: «Ойыншықтар». **Мақсаты**: Балаларды өзіне қызмет етуге үйренеді, киім атауларын балалар ойында бекіту , сөздерді дұрыс айтуға үйренеді. Дыбыстарды дұрыс айтып ,тілдерің жаттықтырады.	**Сенсорика** Тақырыбы: «Доптар». **Мақсаты:**. Балаларға ойнайтын бөлмедегі заттардың көлемі,қасиеті туралы түсінеді , тілін дамытады. Заттарды топтастыруға үйретеді.Үлкен-кіші,ұзын-қысқа сөздерін сөздік қорына ендіреді. **Жаратылыстану** Тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер» **Мақсаты:** Балалар сыртқы түрі,түсі, дәмі, атауы бойынша қиярды, қызанақты, сәбізді, алманы, алмұртты тани біліп үйренді.	**Жапсыру Тақырыбы** «Әсем шарлар». **Мақсаты:** Басқаларға қамқорлық жасай білу,қиын жағдайларда көмекке келу іскерліктерін қалыптастырып ,түстер мен көлемдер туралы білімдерін бекіту,дайын пішіндерді дұрыс орналастыруға үйренеді. **Сурет салу** Тақырыбы: «Чупа чупс» **Мақсаты:** Балалардың дөңгелек пішінді заттар суретін салуды үйретуді жалғастыру. Бояумен ұқыпты жұмыс жасай алады.. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

4-апта «Жиһаздар»	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Көркемәдебиет</u>** Тақырыбы: «Балабақша» **Мақсаты:** оқылған өлеңді тыңдауда шыдамдылыққа, өзара сыйластыққа тәрбиеленеді.	**<u>Құрастыру Тақырыбы . «Үйшік».</u> Мақсаты:** текшелер-мен кірпіштерді үйлестіреді. (конструктор) **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: «Ағаштар» **Мақсаты**: Балалар назарын ағаштың негізгі бөліктеріне аударады (діңі, бұтақтары, жапырақтары). Ағаштардан жасалынатын жиһаздармен танысады.	**<u>Сурет салу</u>** Тақырбы: «Шеңбер» **Мақсаты:** Балаларды қаламмен ұзын тіксалынған таяқшаға дөңгелектеп шеңбер салуды үйренеді. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **<u>Музыка</u>:** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

«Құлыншақ» кіші тобы

2021жыл, Қазан айы Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптасады, отбасы мүшелерін ажырата біледі, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйренеді. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамытады: ана-әке, аға-апа, ата-әже.

Міндеттері:

-отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;

- денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу.

	Денсаулық 3 **Дене шынықтыру (3сағат)**	**Қатынас 1** **Сөйлеуді дамыту (0,5)** **Көркем әдебиет(0,5)**	**Таным 2** **Сенсорика 0,5** **Жаратылыстану 1** **Құрастыру(0,5)**	**Шығармашылық 3** **Сурет салу 1** **Мүсіндеу (0,25)** **Музыка (1,5)** **Жапсыру(0,25)**	**Әлеумет**

1-апта **«Менің отбасым»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: «**Менің отбасым».** **Мақсаты**: Балаларға өз отбасына қамқор боуды, өзінен үлкендерді құрметтеуді дастарқанда дұрыс отырып тамақтануды үйрету.Суретке қарап сөйлем құрап, дыбыстарды дұрыс айтуға үйренеді.	**Сенсорика** Тақырыбы: «Үйшіктер». **Мақсаты:** Заттарды көлеміне қарай салыстыра білуге үйренеді. Көлемі бойынша затты топтай білуге машықтандырады. Сөйлеу барысында үлкен кіші,дәл сондай деген сөздерді қолдана алады. **Жаратылыстану** Тақырыбы: «**Күз**» **Мақсаты:** Күз мезгілімен табиғаттағы маусымдық өзгерістермен, балабақшаның ауласында өсетін ағаштармен және бұталармен танысады.Жапырақтарды түсі бойынша ажыратуды үйренеді.	**Сурет салу Тақырыбы:** «**Таяқшалар**» **Мақсаты:** түзу сызықтарды қылқаламмен салу біліктерін дамыту.Сурет салуға қызығушылықтарын оянады. **Мүсіндеу** Тақырыбы: **«Кәмпіт»** **Мақсаты:** Балаларды тұзды қамырмен таныстыру, онымен жұмыс жасау тәсілін көрсету. Қамырды ауызға салуға болмайтыны жайлы түсінеді. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	
2-апта **«Менің аулам»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Көркем әдебиет:** Тақырыбы: «Үй жануарлары». **Мақсаты:** Үй жануарларымен таныстысады, мейрімдену сөздерін үйлестіреді. Өзінің иесіндегі жануарлар туралы айтып беруді үйренеді.	**Құрастыру Тақырыбы** «**Жол**» **Мақсаты:** Балалар құрылыс материалдарынан жолсалуды үйренеді. Құрылыс материалын түрліше қоюға болатыны туралы түсінеді. Жалпақ жіңішке сөздерді қолдана алады.**Жаратылыстану** Тақырыбы: «**Жапырақтар». Мақсаты:** Жапырақтардың түсі көлемі, пішініне сәйкес ажыратуды үйренеді. Көшелеріндегі бар жапырақтармен танысады.	**Сурет салу** Тақырыбы: «Жаңбыр» **Мақсаты:** Балаларды қыл қаламмен көк бояумен парақбетіне жоғарыдан төмен қарай сызық салады. **Музыка:** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

3-апта «Қош келдің Алтын күз!»	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: **«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік». Мақсаты:** Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы қарапайым ережелермен танысады.	**Сенсорика** Тақырыбы: **«Жіптер».** **Мақсаты:** Тарқатылып жатқан жиптерді жинап орау арқылы қолдың саусақтарының қымыл әрекеттерін дамытады. **Жаратылыстану** Тақырыбы: **«Табиғат қамқоршылары».** **Мақсаты:** жапырақтардың түрліше болатынын түсінеді,сары,қызыл түстер туралы түсінеді.	**Сурет салу** Тақырыбы: «**Жіп орамалдары**» **Мақсаты:** Түрлі түсті қаламдармен жіп орамдарын салады. **Жапсыру** Тақырыбы: **«Ыдыстағы алмалар**» **Мақсаты:** Дөңгелек,сопақша пішіндерді қағаз бетіне орналастыруға үйренеді, қоршаған ортадағы заттармен танысады. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	
4-апта «Табығат өзгерістері»	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Көркем әдебиет** Тақырыбы: **«Күз».** **Мақсаты**: Жыл мезгілдері,күз жылудың аздығы,күннің көзі шығып тұрсада,жылулығы жоқтығы туралы тану,алайда күз сыйы жарқын,түрлі,ашық түсті болатынын түсіндіру.	**Құрастыру Тақырыбы** **«Жалғыз аяқ жол»** **Мақсаты:** Құрылыс материалдарынан жолсалуға үйренеді. Құрылыс материалын түрліше қоюға болатыны туралы түсінік береді. Жалпақ жіңішке сөздерін балалар сөздік қорына енеді. **Жаратылыстану** Тақырыбы: «**Күзгі табығат**» **Мақсаты:** Жапырақтардың түрліше болатынын танысады,сары,қызыл түстер туралы түсінігін қалыптастырады. Заттар түсі мен пішіні туралы түсінік беруді жалғастырады.	**Сурет салу** Тақырбы: **«Жіп» Мақсаты:** Саусақпен бояп,сурет салуды үйренеді. Бояудың көк түсімен танысты. Тырс-тырс сөзін қолдана отырып,саусақ іздерін салады. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

«Құлыншақ» кіші тобы 2021 жыл, Қараша айы
Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: Балаларға денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсінеді. Таза жүру, жеке бас гигиенасын сақтау ережесін үйренеді.
Міндеттері:
-шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлыққа тәрбиелеу, дербес қимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;

	Денсаулық 3 **Дене шынықтыру (3сағат)**	**Қатынас 1** **Сөйлеуді дамыту (0,5)** **Көркем әдебиет(0,5)**	**Таным 2** **Сенсорика 0,5** **Жаратылыстану 1** **Құрастыру(0,5)**	**Шығармашылық 3** **Сурет салу 1** **Мүсіндеу (0,25)** **Музыка (1,5)** **Жапсыру(0,25)**	**Әлеумет**
1-апта **«Өзім туралы»**	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Сөйлеуді дамыту</u>** Тақырыбы: «**Дене мүшелерім**» **Мақсаты:** Адамның дене мүшелерін атаун үйренеді (басы, қолы, аяғы, көзі, мұрны, аузы, құлағы және т.б. бар).	**<u>Сенсорика</u>** Тақырыбы: «**Қуыршақты сәндейміз**» **Мақсаты:** Жемелектерді қуыршақ шашына киімдеріне байлауды үйренеді. Саусақ қимылдарын дамытады. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: «**Үй жануарлары**». **Мақсаты:** Үй жануарын ажыратып, атай біледі (мысық, ит, сиыр, жылқы, әтеш, т.б.)	**<u>Сурет салу Тақырыбы:</u>** «**Қуыршақтың әсем көйлегі**.» **Мақсаты:** Қуыршақтың әсем көйлегіне нүктелерді салуды үйренеді.**<u>Мүсіндеу</u>** Тақырыбы: «**Бауырсақ**» **Мақсаты:** Ермексазды домалақтау әдісі арқылы бауырсақ жасауға үйренеді. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

2-апта **«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Көркем әдебиет:** Тақырыбы: «**Шалқан» ертегісі. Мақсаты:** Әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын қызығушылықта рын.	**Құрастыру Тақырыбы:** «Үй құстары». **Мақсаты:** Қол моторикасын дамыту. екі бөліктен тұратын суретін қағаздан кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыруға үйренеді. (қиылған бөліктер) **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Өсімдіктер әлемі». **Мақсаты:** Балаларды көкеністер мен жемістердің түрлерін атауға және олардың түсін, дәмін ажыратып алады .	**Сурет салу** Тақырыбы: **«Әсем көйлек».** **Мақсаты:** саусақпен бояп,сурет салуды үйретуді жалғастыру.Бояудың қызыл түсімен танысады. Тырс-тырс сөзін қолдана отырып,саусақ іздерін салады. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	
3-апта **«Дені саудың жаны сау»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: **«Көмек».** **Мақсаты:** Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді үйренеді.	**Сенсорика** Тақырыбы: **«Түрлі түсті дәрумендер». Мақсаты:** Көлемі мен пішініне қарай дәрумендерді әр түрлі кораптарға салып жинауды үйрену арқылы қолдың саусақтарының қимыл әрекеттері дамийды. **Жаратылыстану** Тақырыбы: **«Құстар әлемі»** **Мақсаты:** Құстарды ажыратып, атай білуге үйренеді. (Торғай, қарға, көгершін)	**Сурет салу** Тақырыбы: **«Шар»** **Мақсаты:** Қыл қаламмен қызыл бояумен шар бейнесін салады. **Жапсыру Тақырыбы:** «Көкеністерді қысқа дайындаймыз.» **Мақсаты:** Дөңгелектің ішіне кішкентай көлемді сопақша пішіндерді орналастыра білуге үйренеді. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

4-апта «Біз күштіміз еттіміз.»	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Көркемәдебиет</u>** Тақырыбы: **«Дене жаттығулары».** Денсаулықты нығайтуда дене жаттығуларының маңызын түсінеді Ойынай барысында байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру ойында кеіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеуді жетілдіреді.	**<u>Құрастыру Тақырыбы:</u>** **«Үйшік»** **Мақсаты:** Құрылыс материалдарыннан және ірі конструтор бөлшектеріннен үй құрастыруды үйренеді. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы:**«Үй жануарларының төлдері».** **Мақсаты**: Үй жануарлары мен оның төлдерімен танысады. Атауға үйренеді.	**<u>Сурет салу</u>** Тақырбы:**«Шарлар ұшады»** **Мақсаты:** Саусақпен бояп,сурет салуды үйренеді.Бояудың көк түсімен танысады. Тырс-тырс сөзін қолдана отырып,саусақ іздерін салады. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

«Құлыншақ» кіші тобы 2021 жыл, Желтоқсан айы
Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтар қалыптасады, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасалады. Туған өлкелерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейтті.
Міндеттері:
- Астана қаласымен, мемлекеттік рәміздермен және еліміздің Тұңғыш Президентімен таныстыру;
- туған жерге деген мақтаныштарын, қызығушылықтарын ояту;
- балаларды тыңдаған әңгімелер мен тақпақтардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйрету.

	Денсаулық 3 **Дене шынықтыру (3сағат)**	**Қатынас 1** **Сөйлеуді дамыту (0,5)** **Көркем әдебиет(0,5)**	**Таным 2** **Сенсорика (0,5)** **Жаратылыстану 1** **Құрастыру(0,5)**	**Шығармашылық 3** **Сурет салу 1** **Мүсіндеу (0,25)** **Музыка (1,5)** **Жапсыру(0,25)**	**Әлеумет**

1-апта **«Қысқызығы»**	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Сөйлеуді дамыту</u>** Тақырыбы: «**Қысқы киімдер**». **Мақсаты:** Денсаулықты нығайтуда дене жаттығуларының маңызын түсінеді Ойынай барысында байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру ойында кеіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеуді жетілдіреді.	**<u>Сенсорика</u>** Тақырыбы: «**Балапандар мен тауықтар**». **Мақсаты:** Сандар туралы ұғымын бекіту,санай білуге машықтандыр.Саусақ бұлшық еттерін дамыту,сөздік қорын молайтады. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: «**Қар**» **Мақсаты:** Жыл мезгілдері, қыс жылудың аздығы, күннің көзі шығып тұрсада,жылулығы жоқтығы туралы тану,алайда қыс сыйы жарқын,ақ,ашық түсті болатынын түсінеді.	**<u>Сурет салу Тақырыбы:</u>** «**Аққала**» **Мақсаты:** Саусақпен бояп,сурет салуды үйренеді. Бояудың ақ түсімен танысады. Тырс-тырс сөзін қолдана отырып,саусақ іздерін салады. **<u>Мүсіндеу</u>** Тақырыбы: «**Аққала**» **Мақсаты:** Балаларға ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ жұмыр мүсіндер жасауға үйренеді. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	
2-апта **«Туған өлкем»**	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Көркем әдебиет:</u>** Тақырыбы: **Мақсаты:** «**Шырша**» өлеңі. Өлеңді жатқа айтуды үйренеді.	**<u>Құрастыру Тақырыбы:</u>** «Мұнаралар». **Мақсаты:** Көлеміне қарап заттарді орналастыруды үйренеді.Түстер геометриялық пішіндер туралы түсінеді. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: «**Туған жерім-мақтанышым** » **Мақсаты:** Қазақстан Республикасы туралы алғашқы түсініктерін қалыптастырады. (рәміздер мен таныстыру)	**<u>Сурет салу</u>** Тақырыбы: **«Сылдырмақтар»** **Мақсаты:** Қаламмен дөңгелектеу мен ұзын таяқшалардан сылдырмақтар салуды үйренеді. **<u>Музыка</u>:** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **<u>Музыка</u>:** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

3-апта **«Тәуелсіз Қазақстан»**	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Сөйлеуді дамыту</u>** Тақырыбы: **«Тәуелсіз елім Қазақстан» Мақсаты**: Өз Отанына қамқор болуды,өзінен үлкендерді құрметтеуді үйренеді.Суретке қарап сөйлем құрап, дыбыстарды дұрыс айтуға үйренеді.	**<u>Сенсорика</u>** Тақырыбы: **«Мұнара»** **Мақсаты:** Заттарды көлеміне қарай салыстыра білуге үйренеді. Көлемі бойынша затты топтай білуге машықтандыру. Сөйлеу барысында үлкен кіші, дәл сондай деген сөздерді қолдана алады. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: **«Орман жануарлары». Мақсаты:** Маусымдық өзгерістерге назар аударады, жыл мезгілдерімен ауа райынын арасындағы қарапайым себеп салдар байланысын анықтайды.	**<u>Сурет салу</u>** Тақырыбы: **«Шырша»** **Мақсаты:** Балаларды саусақпен бояп,сурет салуды үйретуді жалғастыру.Бояудың көк түсімен танысады. Тырс-тырс сөзін қолдана отырып,саусақ іздерін салады. **<u>Жапсыру</u>** Тақырыбы: «**Түрлі-түстішарлар**» **Мақсаты:** Балаларға ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ жұмыр мүсіндер жасауға үйренеді. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	
4-апта «Кел Жаңа жыл!»	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Көркемәдебиет</u>** Тақырыбы: **«Қыс»** өлеңі. **Мақсаты:** Балаларға шағын өлеңді тыңдай білуге, суреттерді қарауға, ақшақар туралы түсінеді.	**<u>Құрастыру Тақырыбы:</u>** **«Шерберден мұнаралар құрастыру».** **Мақсаты:** Көлеміне қарап заттарды орналастыруды үйренеді.Түстер геометриялық пішіндер туралы түсінеді. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: «Жасыл шырша» **Мақсаты:** Балаларға жапырақтардың түрліше болатынын таныстыру,жасыл,қызыл түстер туралы түсінігін қалыптастыру. Заттар түсі мен пішіні туралы түсінік беруді жалғастыру	**<u>Сурет салу</u>** Тақырбы: **«Шырша шамдары» Мақсаты:** Балаларды саусақпен бояп,сурет салуды үйретуді жалғастыру.Бояудың жасыл түсімен танысады. Тырс-тырс сөзін қолдана отырып,саусақ іздерін салады. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

«Құлыншақ» кіші тобы 2022 жыл, Қаңтар айы
тақырып: «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Балалардың тірі,өлі табиғат және жыл мезгілдері құбылыстары туралы түсініктерін кеңейтті.
Міндеттері:
-дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылыбалалардыөсімдіктерді атап, көкөністер мен жемістерді ажыратып айта білуге үйрету;
-қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға баулу;
-эстетикалық қабылдауларын, түрлі сенсорлық әсерлерін дамыту.

	Денсаулық 3 **Дене шынықтыру (3сағат)**	**Қатынас 1** **Сөйлеуді дамыту (0,5)** **Көркем әдебиет(0,5)**	**Таным 2** **Сенсорика (0,5)** **Жаратылыстану 1** **Құрастыру(0,5)**	**Шығармашылық 3** **Сурет салу 1** **Мүсіндеу (0,25)** **Музыка (1,5)** **Жапсыру(0,25)**	**Әлеумет**
1-апта **«Табиғат әлемі»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: «**Өсімдіктер**» **Мақсаты:** Өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейтеді. Дыбысқа еліктейді, дыбыстарды дұрыс айтуды қалыптастырады.	**Сенсорика** Тақырыбы: «**Гүл жапырақтары**» **Мақсаты**: Гүлдің жапырақтарын қайыру арқылы қол саусақтарының жетілдіреді. **Жаратылыстану** Тақырыбы: «**Пияз**». **Мақсаты**: Пияз туралы түсінік беріледі (сары, домалақ, жұмсақ, тамыры бар). Пияздың пайдасы туралы түсінік беріледі. Оған түтім жасауға қызығушылық тудырады.	**Сурет салу** Тақырыбы: «**Көйлек сәндейміз**».**Мақсаты:** Қыл қаламмен қызыл түсті бояумен дайын көйлек пішініне түймелерді нүтелеп салады. **Мүсіндеу** Тақырыбы: «**Әсем моншақтар**» **Мақсаты:** Сазбалшықты өздігінен илей алады, бірдей және түрлі көлемді шарлардан әсем моншақтар жасай алады. **Музыка***Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

2-апта **«Үй жануарлары»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Көркем әдебиет:** Тақырыбы: «Ешкі мен жеті лақ». **Мақсаты:** «Ешкі мен жеті лақ» ертегіні сөйлеп береді,суреттер арқылы көрсетеді, теледидардан мультфильмін тамашалайды.	**Құрастыру** Тақырыбы: «Гүл жапырақтары». **Мақсаты:** Түрлі материалдардан үй жануарларына биік және аласа қоршаулар мен қораларды құруды үйренеді. **Жаратылыстану** Тақырыбы: «**Өсімдіктер мен жануарлар** » **Мақсаты:** Үй жануарларның суретін теледидар арқылы көрсету даусын тындайды. Әр бір жануардын атын атап, нені жақсы көретінін түсінеді.	**Сурет салу** Тақырыбы: **«Көйлек»** **Мақсаты:** Қыл қаламмен қызыл түсті бояумен дайын көйлек пішініне түймелерді нүтелеп салады. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	
3-апта **«Тірі және өлі табиғат»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: **«Құстар»** **Мақсаты:** Құстардың сыртқы түрі мен дене мүшелерін атауды қалыптастырады.	**Сенсорика** Тақырыбы: «**Құстар ұясы**» **Мақсаты:** Дене көлеміне қарай құрастырады ұяшықтарға орналастырады, қимыл әрекеттерімен танысады. Балапандарды ретімен орналастыру арқылы баланың қол қимылын дамытады. **Жаратылыстану** Тақырыбы: **«Құстар».** **Мақсаты:** Қыстайтын құстармен танысады: торғай, сауысқан, қарға, шымшық, көгершін; олардың тіршілігіндегі ерекшеліктермен танысады	**Сурет салу** Тақырыбы: **«Құм бетіне шар салу» Мақсаты:** қол моторикасын дамыту,саусақпен жіңішке сызықтарды сызуға ,бояуды ретімен жағуды үйренеді.Тілін шығармашылығын дамыту.Күн сәулесін бармақтар арқылы сызады. **Жапсыру** Тақырыбы: «**Доптар**» **Мақсаты:**Үлгіге қарап дайын пішіндерді қию арқылы заттың бейнесін жасауға үйренеді. Желімді қағазға ұқыпты жағу дағдыларын дамыту. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

4-апта «Ғажайып қыс»	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Көркем әдебиет</u>** Тақырыбы: **«Қысқы табиғат»** **Мақсаты:** қысқы ойындар,күннің суықтығы,қардың жапалақтап жауғаны туралы үйренеді. Жыл мезгілдерін ерекшелігін түсінеді.	**<u>Құрастыру Тақырыбы:</u>** **«Құстар ұяшығы» кесектері» Мақсаты:** Түрлі материалдардан жабайы жануарлардын биік және аласа қоршаулар мен қораларды құруды үйренеді. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: **«Жыл мезгілдері » Мақсаты:** Қыс мезгілі туралы түсінеді. Қысқы ойындар туралы суреттер арқылы көрсетеді.Ойындарды қызығушылықпен ойнауға үйренеді.	**<u>Сурет салу</u>** Тақырбы: **«Қар жауып тұр» Мақсаты:**Ауа райын ,қардың жауып тұрғанын бақылайды. Қағаз бетіне бейнені орналастыруды үйренеді, саусақ ұшында бояудың көк түсімен, тырс-тырс сөзін қолдана отырып,саусақ іздерін салу, арқылы қардың жауып тұрғанын бейнелейді. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

«Құлыншақ» кіші тобы 2022 жыл, Ақпан айы
Өтпелі тақырып: «БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ»

Мақсаты: Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейтеді, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастырады.
Міндеттері:
-қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

	Денсаулық 3 **Дене шынықтыру (3сағат)**	**Қатынас 1** **Сөйлеуді дамыту (0,5)** **Көркем әдебиет(0,5)**	**Таным 2** **Сенсорика 0,5** **Жаратылыстану 1** **Құрастыру(0,5)**	**Шығармашылық 3** **Сурет салу 1** **Мүсіндеу (0,25)** **Музыка (1,5)** **Жапсыру(0,25)**	**Әлеумет**

1-апта «Жануарлар әлемі»	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Сөйлеуді дамыту</u>** Тақырыбы: «**Табиғат құбылыстары**» **Мақсаты:** сөздік қорын жан жануарлар туралы білгенін әңгімелеу арқылы тілдерін байыту. Жан жануарларға қамқор болуға, көмектесуге үйренеді.	**<u>Сенсорика</u>** Тақырыбы: «**Балық аулау**» **Мақсаты**: Балық аулаумен сулап алуды үйрену арқылы қолдың қимыл әрекеттерін дамытады. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: **«Су қасиеті»** **Мақсаты:** Тұрмыста судың қолданысы туралыбіледі (төгіледі, жылы суық, суда шомылады, сумен жуынады,сумен кір жуады және т.б.); табиғаттағы су (жылғалардан су ағады, сүнгілер, өзен, тоған ериді).	**<u>Сурет салу Тақырыбы:</u>** **«Машина бөліктері»** Толқынды және түзу сызықтарды сала алады, қоян жүретін ұзын жолдың суретін салу және оны қарапайым түрде бояйды.**<u>Мүсіндеу</u>** Тақырыбы: **«Қар бала»** **Мақсаты:** Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы кесектерді жаюды жетілдіру, балапандар мүсінін жасауға көмектеседі. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

2-апта «Көліктер»	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Көркем әдебиет:</u>** Тақырыбы: «**Көліктер**». **Мақсаты:** Машиналар туралы түсініктерін молайтады. Көліктердің түрлерімен таныстыру, атай білуге үйрету. Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйренеді. Бағдаршаммен танысады.	**<u>Құрастыру Тақырыбы:</u>** «Көліктер» **Мақсаты:** Суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білуге үйретеді. Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйренеді. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырады . Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білуге үйренеді. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: **«Жануарлардың ерекшелігі»** **Мақсаты**:Үй және жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы, олардың өзіне тән ерекшеліктерін салыстыруға үйренеді, жануарлардың тіршілік ету үшін қорек, ауа, су, жылу қажет екендігі туралы түсінеді.	**<u>Сурет салу</u>** Тақырыбы: **«Көліктер»** **Мақсаты:**Салынған көліктердің пішіндерін мақталы таяқшалармен бояуға үйренеді, балалардың көліктер туралы түсініктерін молайту көлік аттарын дұрыс атап ,басқа заттар ішінен көлік бөлшіктерін таба алады. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

3-апта **«Қазақстанның жыл құстары»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: **«Қонақ күту».** **Мақсаты:** Қуыршақтарды орындықтарға отырғызу тамақтандыру шараларын орындау арқылы ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым қатынас жасайды.	**Сенсорика** Тақырыбы: **«Бауларды баулау» Мақсаты:** ұзын-қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы біледі. Түйсіну сезімдері дамийды. **Жаратылыстану** Тақырыбы: **«Пияздың өсуін бағалау».** **Мақсаты:** Жасыл сабақтарын қарастырды, құрдастарымен және ересектермен алған әсерлері туралы әңгімелесті.	**Сурет салу** Тақырыбы: **«Қар»** **Мақсаты:**Ауа райын , қардың жауып түрғанын бақылау.Қағаз бетіне бейнені орналастыруға үйренеді,саусақ ұшында бояудың көк түсімен, тырс-тырс сөзін қолдана отырып,саусақ іздерін салады, арқылы қардың жауып түрғанын бейнелейді. **Жапсыру** Тақырыбы: **«Жолаушалар мен шамдар»** **Мақсаты:** Фланеграфта жіпке жалаулар мен шамдарды алмастырып, орналастыруды үйренеді. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	
4-апта **«Мамандықтың бәрі жақсы»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Көркемәдебиет** Тақырыбы: **«Мен таңдаған мамандық»** **Мақсаты:** Мамандықтар туралы түсінді,суреттер арқылы көрсету, баланың сөздік қорын мамандықтар атауларын білдіретін сөздермен байыту.Ата-аналары кім боп жұмыс жасайтыны туралы сұрақтар қою.	**Құрастыру Тақырыбы: «Күшікке арналған үйшік». Мақсаты:**Үй салу үшін қолданылатын геометриялық пішіндерді атай алады.Балалардың танымдық белсенділігін, зейінін, есту қабілетін және тапсырманы дұрыс орындайды. **Жаратылыстану** Тақырыбы: «Құстар». **Мақсаты:** Балаларды балабақша ауласындағы құстармен таныстыру. (торғай, қарға, шымшық, көгершін).	**Сурет салу** Тақырбы: **«Аспаздың қасығы».** **Мақсаты:**Саусақпен сурет салуды жетілдіру, аспаздың қасығы суретін салады Дөңгелек пішінді заттарды сала алады. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

«Құлыншақ» кіші тобы 2022 жыл, Наурыз айы
Өтпелі тақырып: «САЛТТАР МЕН ФОЛЬКЛОР»

Мақсаты: Қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға үйренеді.
Міндеттері:
-ұлттық мерекелер туралы туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;
-шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;
- ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

	Денсаулық 3 **Дене шынықтыру (3сағат)**	**Қатынас 1** **Сөйлеуді дамыту (0,5)** **Көркем әдебиет(0,5)**	**Таным 2** **Сенсорика 0,5** **Жаратылыстану 1** **Құрастыру(0,5)**	**Шығармашылық 3** **Сурет салу 1** **Мүсіндеу (0,25)** **Музыка (1,5)Жапсыру (0,25)**	**Әлеумет**
1-апта «Көктемгі егістік»	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: «**Көктем**». **Мақсаты:** Көктем туралы түсінеді. Ай атауларын дұрыс атай алады**.**	**Сенсорика** Тақырыбы: « **Гүл түйрегіштер**» **Мақсаты:** Қуыршақ шашына гүл түйрегіштерді тағуды үйренеді, қолдарың қимыл әрекеттерін дамытады. **Жаратылыстану** Тақырыбы: «**Жабайы құстар**». **Мақсаты:** Құстарды ажыратып, біледі (торғай, қарға, көгершін) үйренеді.	**Сурет салу Тақырыбы: «Гүл» Мақсаты:** Жасыл бояумен дөңгелектерді саусақпен шай кесенесінің пішіні бетіне салуды үйренді.**Мүсіндеу**Тақырыбы: **Мақсаты: «Шұжықтар»** Жұмырлау, есу әдістерін пысықтай отырып салыстырады, шұжықтардың бірдей болуын қадағалайды.**«Шұжықтар»Музыка***Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

2-апта **«Ертегілер елінде»**	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Көркем әдебиет:</u>** Тақырыбы: «**Бауырсақ» ертегісі.** **Мақсаты:** Ертегі мазмұның түсінуге және ондағы әрекеттерді қадағалауға, кейіпкерлерді біледі	**<u>Құрастыру</u>** **<u>Тақырыбы:</u>** **<u>«Кереует»</u>** Кірпіштерді көденеңінен орналастыру, текшелерді кірпіштермен үйлестіру арқылы керует жасайды. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: «**Жануарлардың дене бөліктері». Мақсаты**: Жануарлардың кейібір дене бөліктерін ажыратады (танау, құйрық, аяқтар).	**<u>Сурет салу</u>** Тақырыбы: «**Шай кесесін сәндеу»** **Мақсаты:** Жасыл бояумен дөңгелектерді саусақпен шай кесенесінің пішіні бетіне салуды үйренді. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

3-апта **«Салт дәстүр және фольклор»**	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Сөйлеуді дамыту</u>** Тақырыбы: **«Тазалық бұйымдары».** **Мақсаты:** Сондай, ондай емес деген сөздерді қолдана отырып, балаларды тазалық бұйымдарын атайды.	**<u>Сенсорика</u>** Тақырыбы: **«Шарды жіпке байлау»** **Мақсаты:** Арнайы таяқшаға шарды жібінен ұстап апарып байлайды үйрену арқылы қолдын саусақтарының қимыл әрекеті дамыйды. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: **«Ауа райы».** **Мақсаты:** Ауа райындағы және табиғаттағы өзгерісті байқайды. Ауа райының құбылыстарына және оларға деген адамдардың қатынасына назар аударады(жаңбыр жауғанда дымбыл болады, жамылғысыз және етіксіз серуендеуге болмайды; жазда күн ыстықкезде панама киеді; қыста суық, сондықтан адамдар тон, мойын орағыш, жылы етік, т.б.)	**<u>Сурет салу</u>** Тақырыбы: **«Мерекелік жалаулар»** **Мақсаты**: Бояумен мерекелік жалаулар салу. Қызыл бояумен, қыл қаламмен ұзын сызықшаларды қысқа сызықтарды салуды үйренеді. **<u>Жапсыру</u>** Тақырыбы: **«Қошқар мүйіз, тұмарша оюын жапсыру»** **Мақсаты:** Тақия пішіні болатын қағаз бетіне Қошқар мүйіз, тұмарша оюын жапсырады **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

4-апта **«Нұр төккен гүл төккен»**	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Көркем әдебиет</u>** Тақырыбы: **«Наурыз».** **Мақсаты:** Қолдан жасалған заттармен танысады, олардың бөліктерін ажырата алады, сөздерді септелуіне қарай байланыстыруға үйренеді.	**<u>Құрастыру</u>** **<u>Тақырыбы:</u> «Аула гүлдері»** **Мақсаты:** Қиынды пішіндерден көктемде өсетін қызғалдақ гүлін құрастырады. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: «**Көктем мезгілі**». **Мақсаты:** Көктем мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістермен, балабақшаның ауласында өсетін ағаштармен және бұталармен танысады.	**<u>Сурет салу</u>** Тақырбы:**«Гүлдер»** Көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы түсінігі қалыптасты. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

«Құлыншақ» кіші тобы 2022 жыл, Сәуір айы
Өтпелі тақырып: «БІЗ ЕҢБЕККОР БАЛАМЫЗ»

Мақсаты: Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу және еңбек сүйгіштікке тәрбиеленеді. Олардың сөйлеуін, зейінін және қиялын дамытады.
Міндеттері:
-мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек дағдыларын жетілдіру;
- үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету;
-танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

	Денсаулық 3 **Дене шынықтыру (3сағат)**	**Қатынас 1 Сөйлеуді дамыту (0,5)** **Көркем әдебиет(0,5)**	**Таным 2** **Сенсорика 0,5** **Жаратылыстану 1** **Құрастыру(0,5)**	**Шығармашылық 3** **Сурет салу 1** **Мүсіндеу (0,25)** **Музыка (1,5)** **Жапсыру(0,25)**	**Әлеумет**

1-апта «Аялайық гүлдерді»	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: « **Гүлдер**». **Мақсаты:** Балаларды өсімдіктерді күтуде еңбек әрекеттерін білдіретін сөздерді қолдана алады. Өсімдіктерді аялай алады.	**Сенсорика** Тақырыбы: «**Түймелерді қадау**» **Мақсаты:** Ата әже нымшаларының түмелерін қадап ағытуды йүренеді. Түймелерді қадау арқылы қолдың саусақтарының қимыл әрекеті дамийды. **Жаратылыстану** Тақырыбы: «**Күн көзі**» **Мақсаты:** Жер бетіндегі тіршілік үшін күннің көзінің қажеттілігі туралы түсінеді, күннің көзіне қуана біледі. Алғашқы көктемгі гүлдерді бақылайды.	**Сурет салу Тақырыбы:** **«Дөңгелектел»** **Мақсаты:** Қызыл сары бояумен дөңгелектерді салуды үйренеді. **Мүсіндеу** Тақырыбы: **«Сақына»** **Мақсаты:** Балаларға ермексаз бөлшектерін алақандарына салып есу әдісі арқылы, бейнелейді. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	
2-апта «Ас атасы нан»	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Көркем әдебиет:** Тақырыбы: «**Ас атасы нан**». **Мақсаты:** Нан туралы түсініктерін кеңейтеді. Нан туралы өлең оқып береді.	**Құрастыру Тақырыбы:** «**Көпір, төбешек құрастыру**» **Мақсаты:** Пішіндерден, геометриялық денелерден көпірді құрастыруды үйренеді. **Жаратылыстану** Тақырыбы: **«Судын қасиеті».** **Мақсаты:** Тұрмыста судың қолданысы туралыбіледі (төгіледі, жылы суық, суда шомылады, сумен жуынады,сумен кір жуады және т.б.); табиғаттағы су (жылғалардан су ағады, сүнгілер, өзен, тоған ериді).	**Сурет салу** Тақырыбы: **«Доптар»** **Мақсаты:** *(Дәстурден тыс)* Қақпақтармен батыру әдісі арқылы сурет салуға үйренеді. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

3-апта **«Үй құстары»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: **«Көбелек пен таныстыру».** **Мақсаты:** Көбелекпен танысады. Әңгімелесе отырын көбелектің аты көлемін, түсін біледі, кішкене үлкен және түстердің атауын сөздік қорларына енгізеді.	**Сенсорика** Тақырыбы: **«Моншақтар »** **Мақсаты:** Моншақтарды пішіні мен және түсіне қарай жіпке өткізу қимыл әрекеттері мен танысты. Саусақ қимылдары дамиды. **Жаратылыстану** Тақырыбы: **«Жәндіктер». Мақсаты:** Балаларды жәндіктермен, олардың өзіне тән белгілерімен танысады(көбелек, қоңыз).	**Сурет салу** Тақырыбы: **« Өрік салу» Мақсаты:** Қыл қаламмен сары бояумен дайын табақ пішініне өрік бейнесін салады. **Жапсыру** Тақырыбы: **«Гүл»** **Мақсаты:** Домалақ пішіндерді біріктіріп жапсырады, желімден пайдаланады, ұқыпты жұмыс жасайды. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	
4-апта **«Еңбек бәрін жеңбек»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Көркемәдебиет** Тақырыбы: **«Түлкі мен қораз» ертегісі.** **Мақсаты:** Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту.	**Құрастыру Тақырыбы:** **«Моншақтар»** **Мақсаты:**Легодан мұнара құрастырады .түстерді ажыратады. Суреттерді көрсетеді, биік төменді ажыратады. **Жаратылыстану** Тақырыбы: «**Ауылдағы ересектердің еңбегі**». **Мақсаты:** Ауладағы ересектердің еңбегіне қызығушылықты дамытады. Еңбек және жекелеген еңбек әрекеттері туралы түсінеді.	**Сурет салу** Тақырбы:**«Табақтағы өріктер»** **Мақсаты:** Қыл қаламмен сары бояумен дайын табақ пішініне өрік бейнесін салады. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

«Құлыншақ» кіші тобы 2022 жыл,Мамыр айы
Өтпелі тақырып: «ӘРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН!»

Мақсаты: Балалардың бойында адамгершілік қасиеттері анықталады, олар достық сезімге, мейірімділікке тәрбиеленеді.
Міндеттері:
-балалардың топтағы қарым-қатынас дағдыларын анықтау және дамыту;
-достыққа, мейірімділікке жетелейтін іс-шаралар, ойындар т.б. өткізу;
-өз еліне құштарлық сезімдерін ояту, ой-өрісін дамыту.

	Денсаулық 3 **Дене шынықтыру (3сағат)**	**Қатынас 1** **Сөйлеуді дамыту (0,5)** **Көркем әдебиет(0,5)**	**Таным 2** **Сенсорика 0,5** **Жаратылыстану 1** **Құрастыру(0,5)**	**Шығармашылық 3** **Сурет салу 1** **Мүсіндеу (0,25)** **Музыка (1,5)** **Жапсыру(0,25)**	**Әлеумет**
1-апта **«Достық- біздің тіретіміз»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: «**Балабақшадағы достарым**» **Мақсаты:** Балаларды басқа балабақшадағы, ауладағы балалармен дос болуға үйренді, балалармен тілдік қарым қатынас мәдениетін сақтауға үйренеді.	**Сенсорика** Тақырыбы: «**Қораға орналастыру**» **Мақсаты:** Қой мен қозылардың дене көлеміне қарай қораға орналастырады Қозыларды ретімен орналастыру арқылы баланың қол қимылын дамытады. **Жаратылыстану** Тақырыбы: «**Құстарға қамқорлық**» **Мақсаты:** Балаларды балабақша ауласындағы құстармен танысады. (торғай, қарға, шымшық, көгершін)	**Сурет салу Тақырыбы:** «Табақ бетіне дөңгелек салу»**Мақсаты:** Қызыл бояумен дөңгелектерді табақ бетіне салуды үйренді. **Мүсіндеу** Тақырыбы: **«Саңырауқұлақ»** **Мақсаты:** Саз кесегін сауқпен басып терендету, таяқша жасау, екеуін біріктіру арқылы саңырауқұлақ жасайды.**Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

2-апта **«Жабайы табиғат әлемі»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Көркем әдебиет:** Тақырыбы: «**Қояным**» өлеңі. **Мақсаты:** Қоян мен қимыл жасап өлең сөздерін айтуды үйренеді.	**Құрастыру Тақырыбы:** «**Диван құрастыру**» **Мақсаты:** Кірпіштер көлденеңінен орналастыру, текшелерді кірпіштермен үйлестіру арқылы диван құрастыруды үйренеді. **Жаратылыстану** Тақырыбы: «**Құмның қасиеті».** **Мақсаты:** Балаларды құрғақ және дымқыл құммен танысады. Ерекше қасиеттерін атайды.	**Сурет салу** Тақырыбы: **«Табақты сәндеу» Мақсаты:** Қызыл бояумен дөңгелектерді табақ бетіне салуды үйренді. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	
3-апта **«Жайдары жаз келді»**	**Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: **«Жаздағы достарым» Мақсаты:** Жаздағы табиғат туралы әңгімелесу. Түрлі жиһаздар атауын атап, дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерінде қолдану қабылетін қалыптастырады.	**Сенсорика** Тақырыбы: «Көкеніс бөлшектері» **Мақсаты:** Бөлініп жатқан көкөністердің бөлшектерін біріктіріп, табаққа жинау арқылы қолдың саусақтарының қимылы дамыйды. **Жаратылыстану** Тақырыбы: **«Жаз мезгілі».** **Мақсаты:** Жаз мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістермен танысады (күннің көзі нұрын шашады, адамдардың киіміне назар аударады).	**Сурет салу** Тақырыбы: **«Шиелер мен өріктер» Мақсаты:** Қызыл бояумен дөңгелектерді табақ бетіне салуды үйренеді. **Жапсыру** Тақырыбы: **«Үйшік»Мақсаты:** Дайын сұлбаға үйшік элементтерін (шатыр, есік) орналастыра білуді үйренеді. **Музыка** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

4-апта **«Мен жасай аламын»**	**<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша* **<u>Дене шынықтыру</u>** *Дене нұсқаушының жоспары бойынша*	**<u>Көркемәдебиет</u>** Тақырыбы: **«Түлкішек».** **Мақсаты:** Өлеңді қимылмен жасауды үйренеді.	**<u>Құрастыру Тақырыбы:</u>** **«Көкеніс бөлшектері»** **Мақсаты:** Бөлініп жатқан көкеністердің бөлшектерін біріктіріп, табаққа жинау арқылы қолдың саусақтарының қимылы дамыйды. **<u>Жаратылыстану</u>** Тақырыбы: «**Шөптер**». **Мақсаты:** Шөпті ажыратып, атай біледі.	**<u>Сурет салу</u>** Тақырбы: **«Жемістер»Мақсаты:** Қызыл сары бояумен дөңгелектерді салуды үйренеді. **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша* **<u>Музыка</u>** *Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*	

Бекітемін
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы
МКҚК-ның меңгерушісі
_____ Г.Есиркепова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптар бойынша «Құлыншақ» аралас (2 жастан бастап) кіші тобының циклограммасы

2021-2022 оқу жылы

Апталық циклограмма
2021-2022 оқу жылы қыркүйек айы
« Құлыншақ» кіші топ
Бірінші апта: 30.08-3.09.2021ж
Өтпелі тақырып: «Балабақша»

	Дүйсенбі 30.08.2021	**Сейсенбі 31.08.2021**	**Сәрсенбі 1.09.2021.**	**Бейсенбі 2.09.2021.**	**Жұма 3.09.2021.**
Ата-анамен әңгімелесу. **Ойындар** (үстел үсті, саусақ және т.б)	Ата-аналарды жақсы көңіл-күймен қарсы алу.Балалардың балабақшаға бейімделуі жайында ата-аналармен әңгімелесу.				
			“Атап көр” **Мақсаты:**балаларды бөлмедегі заттарды атауға дағдыландыру.	**«Кішкентай құрылысшылар»** **Мақсаты:**құрылыс материалдарын пайдаланып құрастыру. Оның бөліктерін ажырата алады.	**«Сәлем, балақай!»** **Мақсаты:**Балалардың балабақшаға бейімделуін жеңілдету мақсатындағы жұмыс.
Таңертеңгі гимнастика: **Таңғы ас**	**Жаттығулар кешені №1**				
	Ас ішер алдында қолды жуу дағдысын қалыптастыру. Таңғы асты көңілденіп отырып ішу,дастархан басында дұрыс отыру дағдысын қалыптастыру.Сусын ішетін ыдысты ,өз бетінше ұстап,қолдануды үйрету.				
Ойындар Ұ.О.Қ. дайындық:	Балабақша жайында әңгімелесу, таңғы жиын ұйымдастыру арқылы бүгінгі оқу қызметіне түсіндірме жұмысын жүргізу.				
Ұ.О.Қ. :	**1.Дене шынықтыру**	**1.Сөйлеуді дамыту** **2.Музыка**	**1.Сенсорика** **2.Дене шынықтыру**	**1.Жаратылыстану** **2.Мүсіндеу**	**1.Дене шынықтыру.** **2. Сурет салу**
			Сенсорика **Тақырыбы:** «Икемді қолдар» **Мақсаты:** заттар мен құралдарды қолдана алады.. **Күтілетін нәтиже:** қасықты дұрыс ұстай алады. **Ресурстар**:суреттер, заттар, ойыншықтар **Әдіс тәсілдері:** 4К моделі, саралау, бақылау **Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Асхана» **Ұйымдастыру кезеңі:** Шаттық шеңберіне жиналып, қолға арналған жаттығулар	**Жаратылыстану** **Тақырыбы: «**Өлі және тірі табиғат» **Мақсаты:** өлі және тірі табиғат құбылыстары туралы білім алады. **Күтілетін нәтиже:**табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды **Ресурстар**:суреттер, заттар, табиғат суреттері. **Әдіс тәсілдері:** 4К моделі, саралау, бақылау **Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Күз келді» **Ұйымдастыру кезеңі: шаттық** шеңберңнде өлең жолдарын	**Сурет салуТақырыбы:** «Үйренейік»**Мақсаты:** балалар бейнелеу әрекетіне қызығушылық таныта алады **Күтілетін нәтиже:**тәрбиешінің салған суретіне қызығушылықпен қарап, құмға түрлі сызықтар сызады. **Ресурстар**:суреттер, заттар, күздің суреттері. **Әдіс тәсілдері:** 4К моделі, саралау, бақылау **Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Түрлі сызықтар сызу»** **Ұйымдастыру кезеңі:**

